

Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 12 қаңтардағы "Талдықорған қаласының аумағында орналасқан ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы" № 15-89 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 19-116 шешімі

Талдықорған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 12 қаңтардағы "Талдықорған қаласының аумағында орналасқан ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы" № 15-89 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешім келесі мазмұндағы 1-1- тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы шешімнің 2- қосымшасына сәйкес Еркін ауылдық округінің және 3- қосымшасына сәйкес Өтенай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.";

көрсетілген шешім 2, 3- қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы

Т. Ахажан

Талдықорған қалалық мәслихатының
2024 жылғы 5 сәуірдегі № 19-116
шешіміне 2- қосымша

Еркін ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
Еркін ауылдық округі	
Еркін ауылы	3
Көктал елді мекені	3
3 – ші бөлімше	3

Талдықорған қалалық мәслихатының
2024 жылғы 5 сәуірдегі № 19-116
шешіміне 3- қосымша

Өтенай ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Өкілдерінің саны (адам)

Өтенай ауылдық округі	
Өтенай ауылы	3
Еңбек ауылы	3
Мойнақ ауылы	3
Ынтымақ ауылы	3
Пригородное ауылы	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК